Ұйымдастырушылық – ізденістік	-Ал,балалар сабағымызды жаттығу орындаудан бастайық! 1.Артикуляциялық жаттығу. «Бақа», «Тіс тазалау», «Футбол», «Сағат», «Ат шауып келеді», «Тәтті шырын» 2.Ааа-ооо-ууу-иии 3.Тыныс алу жаттығу. «Жел соғады», «Көпіршіктер» Мұрынмен дем алып,ауызбен шығару, Ауызбен дем алып мұрынмен шығару. Көктемде үш ай бар.Наурыз,сәуір,мамыр. Көктем мезгілінде қар ериді,жылғалардан су ағады.Шөп шығады,гүлдер өседі,ағаштар бүршік жарады.Құстар ұшып келеді. Гүлдердің үш түрі болады:дала гүлдері,бөлме гүлдері,емдік гүлдер. Дала гүлдері самал желмен жайқалып өседі.Бәйшешек,бақ-бақ,қоңыраугүл,қызғалдақ,түймедақ.Бұлар дала гүлдері. -Балалар, сендер білесіндерме? Гүлдер әдемілігімен көрік беріп қана қоймай сонымен қатар ауаныда тазартады.Гүлдер жайқалып өсу үшін жаңбырдың суы,күннің нұры,су қажет. Гүлдерді үйгеде өсіруге болады.Үйде өсіру үшін топырақ,су,күннің көзі қажет.Бөлме гүлдері: фиалка,әйел бақыты,лалагүл,астра.Арнайы түбекке ідемілікке,таза ауа үшін отырғызады.Балалар гүлдерді жұлуға немесе үзуге болмайды.Оларды баптап күтіп,суарып отыруымыз қажет. Емдік гүлдер алоэ,анис,адыраспан,түймедақ,қалампыр.Гүлдердің емдік қасиеттері бар.Олардан түрлі-түсті жақпа май,күнделікті сусабын,әтір жасауға болады. Сергіту сәті:Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.	Мұғаліммен бірге жаттығулар жасайды. . Балалар оқу қызметіне белсене қатысады.
Рефлексиялық –түзетушілік	Балалардан: «Бүгінгі оқу қызметінде не үйрендіңдер?»-деп сұрайды.Жауап берген баланы мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Көрнекілік: Гүлдердің суреттері.

Күтілетін нәтиже: Біледі:Балалар гүлдерді танып,біледі..
Игереді:Балалардың ой-өрісі кеңейеді,ажырату, таным қасиеті артады,сөйлеу тіл дамуы.

Бекітемін:_____
МКҚК «Арай» бөбекжайы
Әдіскер: Ж.Нурбергенова

Тақырыбы: «Әз-Наурыз»
Мақсаты: Балаларға Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.

Әрекет кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	-Балалар ,қане,шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық,достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!	Балалар көңілді күйде бір-біріне тілек тілеп амандасады

Ұйымдастырушылық – ізденістік	-Ал,балалар сабағымызды жаттығу орындаудан бастайық! -Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады? -Дұрыс айтасыңдар Наурыз мерекесін тойлаймыз екен. 22 наурыз күні күн мен ай теңеледі,осы күннен бастап күн ұзарады.Бұл мезгілде адамдар ауласына ағаштар мен гүлдер отырғызады,ренжіскен адамдар татуласады,бір-біріне наурыз көже пісіріп дастарханға қойып ұсынады.Ағаш үй тігіп,ұлттық тағамдар пісіріледі,ұлттық ойындар ойнатылады.Бұл күні салт дәстүріміз жаңғырады.Сергіту сәті:Қара жорға биін билету.	Мұғаліммен бірге жаттығулар жасайды. Артикуляциялық жаттығу,тыныс алу жаттығуы. Балалар оқу қызметіне белсене қатысады.Сұраққа жауап береді. Қазір қыс мезгілі, 8 наурыз-аналар мерекесі.22 наурыз-наурыз ұлттық мереке. «Арқан тартыс», «Ақсүйек», «Сақина салу»т.б. Наурыз көже,шелпек,бауырсақ,талқан,құрт,жент,ши бауырсақ пісіреді.
Рефлексиялық –түзетушілік	Балалардан: «Бүгінгі оқу қызметінде не үйрендіңдер?»-деп сұрайды.Жауап берген баланы мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Көрнекілік: Ұлттық киім,тағам түрлері немесе суреттері.Ағаш үй суреттері.

Күтілетін нәтиже:
Біледі:Балалар Наурыз мерекесі туралы біледі..
Игереді:Балалардың ой-өрісі кеңейеді,ажырату, таным қасиеті артады,сөйлеу тіл дамуы.

Бекітемін:_____-
МКҚК «Арай» бөбекжайы
Әдіскер: Ж.Нурбергенова

Тақырыбы: «Жабайы жануарлар әлемі.»
Мақсаты: Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік беру.Табиғатты және жануарларды аялап қорғауға,тазалыққа баулу.

Әрекет кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	-Балалар ,қане,шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық,достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!	Балалар көңілді күйде бір-біріне тілек тілеп амандасады
Ұйымдастырушылық – ізденістік	-Ал,балалар сабағымызды жаттығу орындаудан бастайық! 1.Артикуляциялық жаттығу. «Бақа», «Әткеншек», «Желкен», «Футбол» 2.Тыныс алу жаттығу. «Жел соғады», «Қар борату» Мұрынмен дем алып,ауызбен шығару, Ауызбен дем алып мұрынмен шығару. - –Енді, тілімізді жаттықтырып алсақ, сабағымызды бастайық, бүгінгі сабақта біз **«Жабайы жануарлары»** туралы айтамыз. Біздің бүгінгі сабағымыз ерекше. Сен қандай жабайы жануарларды білесің? (баланың жауабы). Жақсы, ендеше жабайы жануарлар дегеніміз орманда тіршілік ететін аңдар. Олар өз қоректерін өздері тауып жейді. Жабайы жануарларға – аю, арыстан, қасқыр, түлкі, қоян т.б жатады.аю – ормандағы жануарлардың ішінде ең ірісі. Аю өзінің денесінің дәулігіне қарамастан балды өте қатты жақсы көреді және кішкентай аралардан қорқады. *1. **Ойын:*** «Төртінші артық». Балаға жабайы және үй жануарлар салынған сурет ұсынылады. Бала жабайы жануарлардың арасынан артық тұрған үй жануарының суретін тауып көрсетуі керек.	Мұғаліммен бірге жаттығулар жасайды. . Балалар жауап береді. .
Рефлексиялық - түзетушілік	Балалардан: «Бүгінгі оқу қызметінде не үйрендіңдер?»-деп сұрайды.Жауап берген баланы мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Көрнекілік: Жабайы жануарлар суреттері.

Күтілетін нәтиже: Біледі:Балалар жабайы жануарларды танып біледі
Игереді:Балалардың ой-өрісі кеңейеді,ажырату, таным қасиеті артады,сөйлеу тіл дамуы артады.

Бекітемін:_____-
МКҚК «Арай» бөбекжайы
Әдіскер: Ж.Нурбергенова

Тақырыбы: «Үй жануары »
Мақсаты: Балалардың сөйлеуін тексеру. Логикалық ойлау қабілетін дамыу. Балалардың тілін дамыту.
Көрнекілік: Жан-жануарлар суреттері және үлестірмелі сурет қиындылары.

Әрекет кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Балалар ,қане,шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық,достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!	Балалар көңілді күйде бір-біріне тілек тілеп амандасады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Жылқы өте әдемі, үй жануары.Адамдар оны күтеді. -Жылқының төлін қалай атаймыз? -Жылқы бізге не береді? -Қандай көмек көрсетеді? Жұмбақ шешейік.Мінсең желдей жүйткиді, Көңілің таудай өседі. Алып ұшар алысқа, « Ер қанаты» деседі. Балалар жылқыны адамға берер пайдасы көп.Мінсең көлік,етін күнделікті тағамға пайдаланамыз.Сүтінің денсаулыққа пайдасы зор,емдік қасиеті бар.Сүтінен саумал,қымыз дайындаймыз. Дидактикалық ойын: «Кім қалай сөйлейді?» Мақсаты: жануарлардың даусын ажыратып білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету. Құрал: Доп. Ойын барысы: Балалар жарты дөңгелекке тұрады,ортасында доппен мұғалім тұрады.Балаларға допты лақтырып бір жануарды атайды.Сол бала жануардың дыбысын салады.	Балалар сұраққа жауап береді.Жұмбақты шешеді. Балалар жануарлардың атын атап,дыбысын салады.
Рефлексиялық - түзетушілік	Мұғалім балалардан жылқы туралы сұрақ қойып,жауап алады.Балаларды мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Күтілетін нәтиже: Біледі: Үй жануарларын танып біледі.

Игереді: Балалардың ойлау қабілетін және тілінің дамуын арттырады.

Тақырыбы: Алтын күз

Мақсаты: Күз мезгілі жайлы түсінік беру, күзгі көріністі ұғындыра отырып, сөйлем құрау қабілетін арттыру.

Түзетушілік: Күз жайлы енжар және белсенді сөздік қорын молайту, ұсақ қол моторикасын дамыту, фонематикалық қабылдауын жетілдіру, диафрагмалық тыныс алуын жетілдіру.

Тәрбиелік: эстетикалық тәрбие бер, табиғатты сүюге баулу, адамгершілік тәрбиесіне шақыру, ұқыптылыққа үйрету.

Көрнекілігі: айна, таратпа материалдар, суреттер, плакаттар, көңіл күйді анықтау фишкалары.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, еліктеу.

I. Психологиялық дайындық.

- Сәлемдесу

– Көңіл күйді анықтау

Балалар, мынау кімдердің суреті? (Адамдардың) Адамдардың көңіл күйлері қандай екен? (күліп тұр, күлімсіреп тұр, жылап тұр, таңқалып тұр)

- Эмоциямен жұмыс

Сенің көңіл күйің қайсы адамның көңіл күйімен сәйкес, сол адамның суретін көрсетші.

- Қызығушылығын ояту

Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болайын деп тұр. Оқу қызметімізге көптеген қонақтар келіп отыр. Бірнеше қызықты тапсырмалар орындаймыз. Белсенді қатыссаңдар оқу қызметі соңында сыйлықтар иеленесіңдер.

Олай болса, оқу қызметімізді бастамас бұрын артикуляциялық жаттығулар жасайық

II. Артикуляциялық жаттығу

"Дүкен" ойыны Балалар, біз заттарды қайдан сатып аламыз? (Дүкеннен) Олай болса "Дүкен" ойынын ойнайық. Қазір біз бірге дүкенге барамыз. Дүкеннен түрлі заттар сатып алу үшін тапсырмасын орындауымыз қажет.

1-тапсырма: Күрек сатып алу үшін "Күрекше" жаттығуын орындау. артикуляционная гимнастика «Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек.

2-тапсырма: Сағат сатып алу үшін "Сағат" жаттығуын орындау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.

3-тапсырма: Түтікше сатып алу үшін "Түтікше" жаттығуын орындау. «Түтікше» – жалпақ тілді ауыз қуысына шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп түтікшеге үрлеу.

4-тапсырма: Жаңғақ сатып алу үшін "Жаңғақ" жаттығуын орындау. «Жаңғақ» - ауызды жауып, оңға - солға тілдің ұшымен беттің бұлшық етін итеру.

5-тапсырма: Щетка сатып алу үшін "Тістерді тазалау" жаттығуын орындау. «Тізімізді тазалаймыз» - ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасау.

6-тапсырма: Кесе сатып алу үшін "Кесе" жаттығуын орындау. «Кесе» - ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.

III. Жаңа

Балалар жыл мезгілдерін атап көрейікші. Қандай жыл мезгілдері бар? (қыс, көктем, жаз, күз) Қазір қай жыл мезгілі? (Күз) Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Жапырақтар сарғайып жерге түседі. Қане суреттен жапырақты көрсетші. Күн суыта бастайды, жемістер мен көкөністер піседі, ададмдар қалың киінеді, құстар жылы жаққа ұшып кет еді. Далада жел бола бастайды. Қане желдің дауысын салайықшы. Күн суытып, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

IV.Тыныс жаттығуы.

"Күзгі жапырақтар" тыныс алу ойыны Балалар күзде талдың жапырақтары қандай түске енеді? Жапырақтарды не ұшырады? Олай болса жел болып жапырақтарды үрлеп ұшырайықшы.

V. Психикалық ерекшелігін дамыту (зейінін тұрақтандыру) жаттығуы

"Жапырақтарды сыпыр" қырқу ойыны Балалар, көшеде жапырақтар шашылып жатса не істейміз? (Сыпырамыз) Олай болса біз сызықты қайшымен қырқу арқылы сыпырайық. Кім түзу, сызықтан шықпай сыпырар екен?

VI. Тіл ұстарту жаттығуы

Қимылды ойын : Балалар, мен жасағандай қимылдап, мен айтқандай қайталап, тілімізді дамытайық.

Ақ-ақ-ақ қимылдайды жапырақ.
Ұш-ұш-ұш құстай болып ұш.
Соқ-соқ-соқ далада жел соқ.
Жау-жау-жау жаңбыр болып жау

VII. Ұсақ моторикасын дамыту жаттығуы

"Оралмалы жапырақтар" жіппен орау ойыны Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? (Сары) Олай біздің жапырақтарымызды сары түске айналдыру үшін сары жіппен орайықшы. Сонда қол моторикамыз белсенді дамиды.

VIII. Қортынды.

Ой қозғау

- Бүгін біз қандай жыл мезгілі жайлы оқу қызметін өттік?
- Қандай жаттығулар жасадық?
- Күз мезгілінің ерекшелігін атап беріндерші.
- Күзде ауа райы қандай болады?
- Жапырақтар қандай түске енеді?
- Сендерге сабағымыз ұнады ма?

Ынталандыру сыйлығы

Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі "Күз мезгілі" атты оқу қызметіне белсенді қатысқандарың үшін сыйлық иеленесіңдер.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Күз мезгілінің ерекшеліктерін

Нені игереді: Байланыстырып сөйлеуді

Нені біледі: Сөйлем құрауды

Бекітемін:_____-
МКҚК «Арай» бөбекжайы
Әдіскер: Ж.Нурбергенова

Тақырыбы: «Жаңа жыл,жаңа жыл!»
Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл туралы түсінік беру,әсемдікті,әдемілікті сезіндіру.

Әрекет кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	-Балалар ,қане,шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық,достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!	Балалар көңілді күйде бір-біріне тілек тілеп амандасады
Ұйымдастырушылық – ізденістік	-Ал,балалар сабағымызды жаттығу орындаудан бастайық! 1.Артикуляциялық жаттығу. «Бақа», «Әткеншек», «Желкен», «Футбол» 2.Тыныс алу жаттығу. «Жел соғады», «Қар борату» Мұрынмен дем алып,ауызбен шығару, Ауызбен дем алып мұрынмен шығару. -Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болмақ. Өйткені алдымызда көңілді мереке Жаңа жыл мерекесі келе жатыр.Жаңа жыл мерекесінен асқан көңілді мереке жоқ. Адамдар жаңа жылды жақсы үміт, жақсы ниет-тілекпен қарсы алады.Жаңа жыл мерекесі отбасылық мереке. Әр отбасы Жаңа жылды өз үйінде қарсы алады. Қалай ойлайсыңдар, Жаңа жыл мерекесі несімен қызықты? -Әрине жасыл шыршасымен, ақ сақалды Аяз атасымен, Ақша қарымен қызықты. -Жаңа жылда Аяз атадан қандай сыйлық күтесіңдер? **Дидактикалық ойын:** «Сөйлемді аяқта» -Менқыс мезгілін жақсы көремін, өйткені..... -Жаңа жыл мерекесінде ең сыйлы адам ..... -Аяз атаның немересі.....	Мұғаліммен бірге жаттығулар жасайды. . Балалар оқу қызметіне белсене қатысады.
Рефлексиялық -түзетушілік	Балалардан: «Бүгінгі оқу қызметінде не үйрендіңдер?»-деп сұрайды.Жауап берген баланы мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Көрнекілік: Жаңа жыл туралы суреттер.

Күтілетін нәтиже:
Біледі:Балалар Жаңа жыл туралы түсініктері кеңейеді.
Игереді:Балалардың ой-өрісі кеңейеді,ажырату, таным қасиеті артады,сөйлеу тіл дамуы артады.

Тақырыбы: Құстар біздің досымыз
Мақсаты: Балаларға әңгімелеу, ұғымдарын кеңейту, құстар туралы мағлұмат беру, ой-өрістерін дамыту, Отанына, жерін, табиғатын сүюге, қамқор болуға тәрбиелеу.
Дамытушылық: Балалардың ой - өрісін дамыту
Тәрбиелік: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу
Әдіс – тәсіл: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ – жауап, сергіту – сәті, қорытындылау
Көрнекілік – құрал: құстардың суреттері.

Сабақтың барысы: Шаттық шеңбер
Қуанамын менде, қуанасың сен де.
Қуанайық достарым, арайлап
атқан күнге.
Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.
Бәріңе сәттілік тілеймін!
Балалар ал енді орындарына жайғаса қойыңдар.
Ендеше тіл жаттығуларын жасап жіберейік.
Бүгінгі оқу іс - әрекеті: Тіл дамыту
Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз»
Балалар ең алдымен біз әдемі орманда жүргендей болайық.
- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілі
- Күз мезгілі неше айдан тұрады?
- Күз мезгілі үш айдан тұрады
- Өте жақсы
- Күз айларын атаңыздаршы?
- Қыркүйек, қазан, қараша
- Күз мезгілінде қандай өзгерістер бар?
- Күн салқын, жел соғады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түседі, жемістер мен көкөністер піседі, құстар жылы жаққа ұшады.
- Өте жақсы
- Балалар біз бүгінгі сабақта құстар туралы әңгімелейміз
Құстардың түрлері өте көп екен. Құстар табиғатқа сән береді. Құстардың әуені табиғатты құлпыртады, адамдардың көңіл – күйін көтереді. Өзіміздің жерімізде мекендейтін құстар туралы айтамыз.
- Балалар құстар екі топқа бөлінеді екен?
- Қандай топқа бөлінеді екен?
- Қане кім айтады
- Үй құстары және дала құстары
- Дұрыс балалар
- Ал үй құстарына қандай құстар жатады?
- Әтеш, тауық, үйрек, қаз
- Өте жақсы
- Неге үй құстары деп атаймыз?
- Себебі оларға жем, су беріп үйде бағамыз
- Өте жақсы
- Үй құстарының қандай пайдасы бар?
- Үй құстары бізге жұмыртқа береді, етін жейміз
- Өте жақсы
- Ал енді балалар жыл мезгілінде өзгерістер болғанда құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Кетпей қыстап қалатын құстар бар олар: қарға, торғай, көгершін, сауысқан. Себебі олар

суыққа шыдамды болады.
- Жылы жаққа ұшып кететін құстар оларды жыл құсы деп айтамыз. Себебі күн салқындағанда жылы жаққа ұшып кетеді, күн жылығанда ұшып келеді. Олар аққу, қарлығаш, тырна, тоқылдақ, караторғай.
- Аққу балалар 30 - 40 жыл өмір сүреді екен. Бұлар жұптасып жүреді екен. Ол киелі құс. Халық аңызына сүйенсек жылан да аққудың жұмыртқасына тимеген екен. Қазақ халқы сұлу қыздарын аққуға теңеген екен.
- Ал мынау қарлығаш. Қарлығаш адамға дос. Ол өзінің ұясын, ауланың айналасына салады. Қарлығаш адамға жақсылық тілеп жүреді және қауіп қатерден қорғайды.
- Мынау балалар тоқылдақ
- Тоқылдақ халық орман емшісі деп атайды. Ол ағашты құрт – құмырсқадан тазартады.
- Ал мынау караторғай
- Караторғайдың да пайдасы көп. Шыбын шіркейден қорғайды.
Ендеше біз тыныс алу жаттығуын жасап жіберейік.
Дидактикалық ойын: «Мекенін тап»
Мақсаты: Үй құстары мен дала құстарын ажырату.
- Өте жақсы балалар
- Балалар орындарыңа жайғаса қойын.
- Ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын. Мұқият тыңдаймыз
Жұмбақ
1. Бұдыр – бұдыр балшықты
Жинады да талшықты,
Ұқсатып қамытқа,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)
2. Ұшқаны қызық жалпылдап
Өзі сондай қарқылдақ (Қарға)
3. Бұрап қойған сағаттай
Айқайлайды таң атпай (Әтеш)
4. Судан шықса баладай
Тәй – тәй басып қаладай (Қаз)
5. Қыт-қыт етеді,
Кезіп жүріп көшені
Жата қалса орнына
Ақ доп тастап кетеді. (Тауық)
Сергіту сәті:
Қарлығаш боп ұшайық
Торғай болып қонайық
Сауысқан боп секіріп
Тоқылдақ боп шоқиық
Қане қанат жазайық
Қарлығаш боп ұшайық
Ұшып-ұшып алайық
Орнымызға қонайық.
- Өте жақсы балалар

Дидактикалық ойын: «Бөліктерден сурет құрастыр»

Мақсаты: бірнеше қима суреттерден құстардың суретін құрастыру.
Өте жақсы балалар

Саусақ жаттығуы:
Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта ойыны»
Шарты: Мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер аяқтайсыздар.

1.Құстар ұша алады, өйткені (оның қанаты бар).

2.Құстар қоректенеді, (Құрт, құмырсқа, жәндіктер, дәндер).

3.Жылы жаққа ұшыздан атын құстар, (аққу, тырна, қарлығаш).

4.Аяздан қорықпайды, (қарға, торғай, көгершін, сауысқан).

5.Үй құстары, (әтеш, тауық, үйрек, қаз).

6.Құстар қорғайды, (ағаштарды).

7.Құстар бір-біріне ұқсайды, (жүнімен, қанатымен, құйрығымен, тұмсығымен, жұмыртқасымен, ая,ымен ұқсайды.

- Өте жақсы балалар
- Ал енді балалар тыйым сөздер білеміз ба?
- Қане кім айтады?
Аққуды атпа
Досыңды сатпа!
Құстың ұясын бұзба!
Құстың жұмыртқасын жарма
- Өте жақсы
- Балалар құстар жылы ұя салып соның ішіне жұмыртқа салады. Құстар жұмыртқасын басып балапан шығарады. Халқымыз құстардың келуіне қарап болжамдар жасаған.
- Балалар біз болжам білеміз ба?
- Қане кім айтады?
Әтеш жаңбырлы күні таң – ата шақырса, күн ашылады
Құстар ертемен жем іздеуге шықса, күн жауын – шашынды болады.
Қарға жазда аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнайды
Құстар көңілдене сайраса, күн ашық болады
- Өте жақсы
Қорытынды:
- Балалар құстар нешеге бөлінеді?
- Екіге бөлінеді
- Қандай құстар болып бөлінеді?
- Үй құстары және дала құстары
- Өте жақсы
- Балалар үй құстарының қандай пайдасы бар?
- Жұмыртқа береді, етін жейміз
- Ал дала құстарының қандай пайдасы бар?
- Табиғатты қорғайды
- Өте жақсы
- Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар
Осымен сабағымыз аяқталды.

Бекітемін:_____-
МКҚК «Арай» бөбекжайы
Әдіскер: Ж.Нурбергенова

Тақырыбы: «Ғажайып қыс»
Мақсаты Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту,қысқы ойындармен таныстыру және ой-өрісін кеңейту.

Әрекет кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	-Балалар ,қане,шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық,достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!	Балалар көңілді күйде бір-біріне тілек тілеп амандасады
Ұйымдастырушылық – ізденістік	-Ал,балалар сабағымызды жаттығу орындаудан бастайық! 1.Артикуляциялық жаттығу. «Бақа», «Кесе», «Тіс тазалау» 2.Тыныс алу жаттығу. «Жел соғады», «Қар борату» Мұрынмен дем алып,ауызбен шығару, Ауызбен дем алып мұрынмен шығару. -Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде неше ай болады және қалай аталады? -Қыстың қандай белгілерін білеміз балалар? -Қыстық қандай ойындарды білеміз? Қыс мезгілінде қар жауады,адамдар жылы, қалың киім киеді.Айналаны аппақ қар басады.Қардың түсі ақ ұлпа.Балалар қардан аққала жасайды,шанамен сырғанап ойнайды,шаңғы тебеді. Ойын ойнату; «Сәйкес суретті тез ата!»Балалар алдына жарты суреттерді беріп,сәйкесін тез тауып атауын сұрайды.Балалардың есту,көру,ойлау және ажырату қабілетінің артуына пайдасы бар. .	Мұғаліммен бірге жаттығулар жасайды. . Балалар сұраққа жауап береді.Қыс қызықтары туралы түсінік алады.
Рефлексиялық - түзетушілік	Балаларға бүгінгі оқу қызметінен сұрақ қояды.Балалар жауап береді.Балаларды мақтап мадақтайды.	Педагог оқу қызметін қортындылайды.

Көрнекілік: Қысқы суреттер және оқу қызметіне қажетті құралдар.

Күтілетін нәтиже:
Біледі:Балалар қыс мезгілі туралы біледі.
Игереді:Балалардың ой-өрісі кеңейеді,ажырату, таным қасиеті артады,сөйлеу тіл дамуы артады.

Сабақтың тақырыбы: «Р дыбысы мен әріпі»

Сабақтың мақсаты: а) өтілген дыбыстарды қайталай отырып, Р дыбысы мен таныстыру. Ол арқылы берілген сөздерді дұрыс оқу мен жазуды үйрету.

ә) Р дыбысына қатысты жаңа сөздерді білдіру арқылы оқушылардың ой-өрісін тілін дамыту.

б) оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, әріптер жинағы, жұмбақтар Р әріпі жазылған плакат.

Сабақтың типі: Жаңа білімді игерту сабағы.

Сабақтың жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

-Психологиялық дайындық «гүл шоғы» арықылы оқушылар бір-біріне сабаққа деген сәттілік тілейді.

II. Үй тапсырмасын сұрау

Сұрақ жауап арқылы.

А) Ғ әріпінің дыбысының ережесін сұрау

Ә) Мысалдар келтіру

Б) Ғ әріпінің бас әріпін және кіші әріпін жаздыру.

III. Жаңа сабақ

Ал енді оқушылар бүгінгі сабақты бастамас бұрын мынадай сұраққа жауап берейік. Не деу керек?

Апаң сенің базардан,

Алма сатып әкелді.

Ең үлкенін жақсысын,

Саған таңдап, әперді.

Не деп барып жеу керек?

Рахмет деп жеу керек.

Бұл сөз қандай әріптен басталды Р яғни балалар бүгін біз сендермен Р әріпін өтеміз.

Р әріпі дауыссыз дыбыс көк түспен боялады. Р әріпі сөздің басында, ортасында да, аяғында да жазыла береді. Мысалы: радио, қасқыр, торғай, ара. Ал енді балалар біздің сыныпта кімнің аты Р әріпінен басталады. Рабиға сөзін буынға бөлейік РА-БИ-ҒА, А-РА, ТА-РА.

Р әріпінің бас әріпі және кіші әріпімен танысайық. Бірінші Р әріпін ауада жазып көрейік.

IY. Әліппе дәптерімен жұмыс

23 беттегі Р әріпін кіші және бас әріппен жазу.

Y. Қорытынды.

Не білдіңдер? Не үйрендік? Оқушылар жауабын тыңдау мысал келтіріп талдау. Жұмбақ шешу:

«қарда» бар,

«мұзда» жоқ

«жарда» бар

« құзда» жоқ

Жұмбақтың шешуі: Р әріпі

YI. Үйге тапсырма беру.

23 беттегі №4 тапсырма

YII. Бағалау.

Геометриялық фигуралар бойынша бағалау.

Тәуелсіздік тірегім

Тақырыбы: «Тәуелсіздік — тірегім!»

Мақсаты: Оқушыларға бостандық, теңдік, тәуелсіздік ұғымдарын кеңінен түсіндіру, білімдерін кеңейту. Отан байлығын қорғауға, болашақта Отанымыз – Қазақстанды өркендетуге баулу.Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерін, елін сүйетін, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Қазақтан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Ту, елтаңба, әнұран. Н.Ә. Назарбаевтың портреті, көк жалаушалар, шарлар.

1-жүргізуші: Армысыздар - ұстаздар!

Армысыздар, ата- аналар!

Құтты болсын тәуелсіздік мерекеміз!

Мықты болсын еліміздің керегесі.

Жүректе намыс оты лапылдаған,

Күш-жігері жастардың сарқылмаған.

Әлі де шығар аланға Отан үшін,

Қарсы аққан өзеннен өтетіндер.

Жүректе намыс оты сөнбейді,

Кезінде ызғарына аяздың төзгендей–ақ ,

Түсінеміз, ұғамыз .

Бұл күннің онайлықпен келмегенін,

Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

1. Адай күйі.
2. Әнұран орындау.

Бұл 1986 жылы 16 - желтоқсанда қазақ елінің азаттық көктемі үшін, сол айқай саясатқа қарсы алғаш рет бас көтеріп, қыршынынан кеткен қазақ жастарының сөнген шырақтары. Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы 16-желтоқсанда жылдай Ресейдің отары, 70 - жылдан астам кеңес өкіметінің бұғауында болған.

Қазақстан егемінді ел болды.

Бұл күн - Қазақстан тарихына тәуелсіз.

Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріптерімен белгіленді.

Қәзір Қазақстан Республикасы-демократиялық зиялы және бір тұтас мемілекет.

Қазақстан Республикасының жері тұтас,ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды.

Қазақстан Республикасында мемілекеттік тілі-қазақ тілі.

Қазақстаның дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан бүкіл әлем таныған елге айналды.

Біз өзіміздің әнұранымызбен, елтаңбамызбен мақтанамыз.

Қазақстан Туымен тұғырлы Елтаңбасымен-еңселі, Әнұранымен айбатты.

Қазақстан Республикасының Әнұрына бірлікке ынтымаққа достыққа елімізді қорғауға шақырады.

Қазақстан Республикасы менің туған өлкем,оның асқар таулары мен көгілдір жасыл жайлауы -менің Отаным,алтын бесігім.

16 - желтоқсан тәуелсіздік күніне байланысты балаларымыздың кішігірім тақпақтарын тамашалайық.

1. Ахмет:

Отан - деген ұлы ана,

Отан - деген ғұлама .

Мен ғана , емес атамда,

Перзенті екен отанға.

2. Батырхан:

Айнымайды аспаннан ,

Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда ,

Биікке іліп қояды.

3 .Ерасыл:
Жасасын азат ,ерлік күн.
Жасасын бейбіт, елмен жер,
Бостандық алған қазақтың,
Мәртебесін көрсін ел.
4. Кәусар:
Аялап ару ананы,
Өсірген еркін баланы.
Бесігін бөлеп тербеткен,
Отаным қазақстаным.
5 . Шәрбат:
Тәуелсіздік таңы атты
Барлық әлем жадырап
Осы тұрған халқыма
Бейбітшілік орнады.
6. Бекарыс:
Мерекеге шығады
Бүкіл халық біліп қой
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той
7.Жанарыс:
Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн
8. Тарас:
Тәуелсіздік ел мұраты
Жас ұрпақтың болашағы
Ұялатып берік сенім
Бағымызға жол ашады
9. Жігер:
Жүректе намыс оты лапылдаған
Күш жігері жастардың сарқылмаған
Отан үшін олар шығып алаңға
Қарсы ағып өзендей тасқындаған
10. Байазит:
Тәуелсіздік елдеміз
Қуанамыз күнде біз
Ата-бабам қалдырған
Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз
11. Расул:
Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым.
Түсті бақыт жолыма,
Менің Қазақстаным!

-Тарих беттерін парақтасақ ,қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында талай қырғындарды, зорлық-зомбылақтарды көрді,қасірет шекті.Соның бірі Алматы қаласында болған жастар көтерілісі. Бұл көтерілістің себебін бір жақты қарап,бір ауыз сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Сол кезеңде жастар айаусыз қырылып жатсада көтеріліске шығуды қоймады, тоқтатпады. Қазақ елі тәуелсіз ел болуды көптен бері армандады сол арманына жетті.

Желтоқсан желі ызғарлы:Көрініс слайд.
Еркіндікке, бостандыққа үн қосқан,
Гүрілінен қақ айырылған түнгі аспан.
Қазағымның әні болған, жыры болған,
Жастар үні – он алтыншы желтоқсан.
Намысымның шырағы да – Желтоқсан,
Сұрқай өмір сынағы да – Желтоқсан.
Жігіттердің ұраны да – Желтоқсан,
Жаңа күннің шуағы да – Желтоқсан.

Ән: «Туған жер» Жауынбай. М

Сол бір ызғарлы ерте түскен қыс, тоқырау тажалының табанында аяусыз тапталған ар-намыстың ышқынған даусы құлағымызды әлі шыңылдатып тұрғандай. Бұл дауыстың ішінен қызғалдақтай Ләззат сенің де нәзік үнің естіледі.
Еліннің сен намысы үшін,
Құрбан еттің жаныңды.
Мазақ етіп қорлай алмас,
Ешкім сенің арыңды.

Желтоқсанда шындық жырын жырлаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Айналайын, айналайын жас өркені халқымның,
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің.

Желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков 22-ақ жыл ғұмыр кешті. Елінің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін күресті.
Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
Еркек тоқты құрбандық,
Атам десең, атыңдар.
Осы құрбан болған аға, апаларымыздың құрметіне орай 1 минут үнсіздік жариялаймыз.

-Ия, бостандық, теңдік, тәуелсіздікте өз бетімен келген жоқ.Желтоқсан – елімнің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін болған күрес.

-1991 жылы 1 желтоқсан. Республика жұртшылығы тұңғыш рет Н.Ә.Назарбаевты Республиканың президенті етіп сайлады.
-1991 жыл 16 желтоқсан. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жарияланды.
-1995 жылы 30 тамыз. Референдумға ұсынылған жаңа Ата Заңымыз бір ауыздан қабылданды.
-Біздер тәуелсіз қазақ елінің ұрпағымыз.Сондықтын өз жерімізді, өз елімізді әкелерімізбен, аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық!

Сұрақ-жауап:

1.Біздің туымыздың түсі қандай?
2.Қай мемлекетте тұрамыз?
3.Елбасымыздың есімі кім?
4.Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздерін атаңдар?
5.Біз қай тілде сөйлейміз?

Ән:«Көк тудың желбірегені »:

Күтілетін нәтиже:

Түсінді:Еліміздің рәміздерін құрметтеу керек екендігін түсінді.
Білді:Еліміздің рәміздерін білді.
Үйренуі керек: Әңгімелеп айтуды.